# Жалағаш жаршысы

№16 *(10006)*
24 ақпан
сенбі
2024 жыл

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

*Аудандық қоғамдық-саяси газет* *Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады*


**Аймақ жаңалықтары**

## Интернет сапасы жақсара ма?

**КЕШЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫС ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ «BEE-LINE ҚАЗАҚСТАН» КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ ЕВГЕНИЙ НАСТРАДИНМЕН КЕЗДЕСІП, ОНДА АЙМАҚТАҒЫ ИНТЕРНЕТ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ. АЙМАҚ БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАЖЕТТІГІН АТАП ӨТІП, БҰЛ БАҒЫТТА БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ШАҚЫРДЫ.**




– Мемлекет басшысы айтқандай, «Бүгінде интернет – жол мен электр энергиясы сияқты негізгі қажеттілік». «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы бекітіліп, оның ауылдық елді мекендердегі сапасын арттыру және шалғайдағы елді мекендерді мобильді байланыспен, интернетпен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Біз Цифрландыру министрлігімен бірлесіп, Қызылорда облысы бойынша 2024-2027 жылдарға арналған Жол картасын бекіттік. Бүгінде байланыс пен интернет әрбір қазақстандықтың өмір сапасына әсер етеді. Тұрғындардың заманауи коммуникациялық қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында «Beeline Қазақстанмен» тығыз ынтымақтастық орнатуға дайынбыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Евгений Настрадин компания тұтас аймақтың, оның ішінде Қызылорда қаласының барлық тұрғындарын сапалы байланыс және интернетпен қамтамасыз етуді көздейтінін айтты. Жергілікті билікке қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ ол жұмыс ауқымын кеңейтуге дайын екенін жеткізді.

– Цифрлық теңсіздікті еңсеру – біз үшін маңызды міндет, өйткені әрбір қазақстандықтың интернет жылдамдығының барлық артықшылықтарын пайдаланғанын қалаймыз, – деді Евгений Настрадин.

Айта кетейік, соңғы 2 жылда «Beeline» бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асырған. 2022 жылы «Астана», «Бәйтерек», «Сол жағалау», «Ақмаржан» және «Махамбет» сияқты шағын аудандарды қоса алғанда, облыс бойынша 31 жаңа базалық станция іске қосылған. Былтыр аудан орталықтары мен Қызылорда қаласында базалық станциялар құрылысы жалғасты, «LTE Everywhere» бағдарламасы арқылы облыстың 19 елді мекеніндегі 15 мыңнан астам тұрғынды желіге қосты. Биыл тағы 60-қа жуық жаңа базалық станция салу және басқа станцияларда LTE желісінің сыйымдылығын кеңейту жоспарланған. Бұл аймақ тұрғындарының интернет байланысын жақсартуға оң ықпал етеді.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

**Мәселе**

**ЕЛІМІЗДЕ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР КӨБЕЙГЕН. ОНЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ АУА-ТАМШЫЛЫ ЖҰҚПАЛЫЛАР ТОБЫНА ЖАТАДЫ. БАКТЕРИЯЛАР ТУДЫРАТЫН СЫРҚАТТАРҒА КҮЛ АУРУЫ, КӨКЖӨТЕЛ, ТУБЕРКУЛЕЗ, ҚЫЗАМЫҚ МЕНИНГОКОКТЫҚ ЖҰҚПА, ГЕМОФИЛЬДІ ЖҰҚПА ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ ЖАТАДЫ. МҰНАН БӨЛЕК ҚЫЗЫЛША, ҚЫЗАМЫҚ, ЖРВИ ЖӘНЕ ТҰМАУ ДА ОСЫ АУРУЛАР ҚАТАРЫНДА.**



## Жұқпалы аурулар көбейген

Бүгінде аудандық ауруханадағы жұқпалы аурулар бөлімінде бұл сырқат түрлерімен ауырып ем алып жатқан тұрғындар көп. Науқастардың жай-күйімен танысу үшін аптаның сәрсенбісінде аталған бөлімге бет бұрдық. Бөлім меңгерушісі, инфекционист дәрігер Айгерім Иманмырзаеваның айтуынша, біз барған күні қызылша ауруымен 2 науқас, ЖРВИ сырқатымен 10 науқас ем алып жатыр екен.

– Жұқпалы аурулардың басым бөлігі адамдармен тікелей байланыс кезінде ауа тамшысы арқылы тарайды. Сырқат температураның жоғарылауынан, тамақтың жыбырлауы, мұрынның бітуі, жөтел, бас ауруларынан, жалпы әлсіздіктен басталады. Ал қызылша, қызамық сияқты инфекцияларда тері қабатында бөртпе пайда болады. Егер ауамен тасымалданатын инфекция түрі болса, маска киіп, адамдар көп жиналатын жерлерден алшақ болған жөн, – дейді бөлім меңгерушісі.

Өздеріңіз білетіндей, әсіресе жазғы маусымда балалар арасында жедел ішек инфекциясы бас көтереді. Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, сапасыз тағамдарды пайдаланғаннан, ауыз суды қайнатпай ішкеннен және лас суға түскеннен болады.

– Жедел ішек инфекциясымен былтыр 224 науқас түсті. Оның 179-ы – 14 жасқа дейінгі балалар. Қызылшамен 19 науқас болса, 14 жасқа дейінгі балалар саны – 14. Ал кенелік риккетсиоз – 2-еу, созылмалы сарып сырқатымен – 2 науқас түсті. Тұрғындар әсіресе жаздың алғашқы айынан бастап мерзімінен ерте піскен бақша өнімдері мен жеміс-жидектерді көп тұтынып, санитарлық-гигиеналық нормалар мен қағидаларды сақтамайды. Салдарынан әсіресе 5 жасқа дейінгі балаларда іш өту көп орын алады, – дейді дәрігер.

### 160 науқас ем қабылдаған

Қызылша – инфекциялық жұқпалы ауру. Көбінесе балаларда кездеседі. Ауруға қарсы екпе алмаған адамның қызылшаны жұқтырып алуы әбден мүмкін. Вирус ауа тамшылары арқылы сөйлескенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауру адамның сілекейімен сыртқы ортаға тарайды.

– Балалар арасында бұл дерт жиі кездеседі және қауіпті инфекция болып саналады. Баланың ыстығы көтеріліп, денесін бөртпе басады. Бұл дерт ертеден белгілі. Қызылша – вирусты инфекция. Статистикаға жүгінсек, вирусты он адамның тоғызы жұқтырады. Бұл дерттен менингит секілді әртүрлі асқынулар туындайды. Қазір еліміз бойынша бұл сырқат түрі ең өзекті мәселе болып тұр. Себебі ол жылдам жұғып, тез таралуда, – дейді Айгерім Иманмырзаева.

Ауданда жыл басынан бері аталған бөлімде 160 науқас түрлі сырқат түрімен ем қабылдаған. Мәселен, қызылшамен 26 науқас түскен. Оның 13-і – 14 жасқа дейінгі балалар. Сондай-ақ вирусты гепатит А 2 науқас, жедел ішек инфекциясымен 2 науқас түскен.

Бүгінде аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінде 2 науқас осы қызылша дертімен күресіп, қажетті ем-шаралар қабылдауда. Аудан бойынша бұл сырқат түрімен ауырып жатқандар саны азайды деп айта алмаймыз. Себебі бөлім меңгерушісінің айтуынша, бұл сырқат түрінен бірі емделіп шығып жатса, екіншісі түсіп жататын күндер көп кездеседі. Тіпті бөлімде осы сырқат түрімен 10 науқасқа дейін ем қабылдаған күндер болған.

Мысалы, былтыр бұл вирусты асқындырып алған 19 науқас ауруханада ем алған. Мұнан бөлек орташа және жеңіл дәрежеде ауырып, үйінде ем алған науқастар қаншама. Бөлім меңгерушісінің айтуынша, қызылша басталған кезде әуелі бірыңғай кішкентай балалар ауырып бөлімшеге түскен және олардың қызылшаға қарсы ешқайсысы екпе алмаған. Осы ретте дәрігер қызылшамен ауырмаудың ең тиімді әдісі вакцина алу екенін ескертті.

Ал ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда шамамен 1-2 күн өтеді. Сырқаттанған адамда шаршау сезімі, әлсіздік, бас ауру, бұлшық еттер сырқырау, дене қызуы жоғары болуы, жөтел кездеседі. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен қатар коньюнктивит, яғни көздің шырышты қабығының қабыну белгілері болуы мүмкін.

Дәрігер бұл сырқатпен былтыр 1120 науқас түскенін айтады. Оның 773-і – 14 жасқа дейінгі балалар. Ал биыл жыл басынан бері – 130 науқас аталған бөлімде ем қабылдаған және оның 80-і 14 жасқа дейінгі балалар екен. Барлығы толық ем қабылдап, құлантаза айыққан.

**Маман кеңесі:**

– Бірінші кезекте дұрыс салауатты өмір салтын қалыптастыру қажет. Яғни тек қана спортпен айналысу емес, дұрыс тамақтану, иммундық жүйені шынықтыру керек. Қазір көп ата-ана балаларға құнарсыз тағамдарды жиі береді. Тіпті жеңіл-желпі тағамдар беріп, баланың асқазанын құртатын аналар да бар. Алдыма «менің балам йогурттан басқа ештеңе жемейді» деп келетін аналар өте көп. Жалпы балаға үйдің тағамын, асылған, ет тағамдар беру керек. Ал біздің аналар керісінше тез дайындалатын жеңіл немесе фас-фуд өнімдеріне құмар. Балалар бөлімге үнемі құсып түсіп жатады. Оның бәрі инфекция емес, өт жолдарының бұзылуынан болып жатады. Себебі баланың тамақтануы дұрыс емес. Тіпті 1,2 жасар баланың өзінде осындай жағдайлар жиі кездеседі. Көпке топырақ шашпаймын, десе де кей ата-аналар бар, «балам жыламаса болды» деген түсінік қалыптастырып, баланың не ішіп, не жейтініне мән бермейді. Сондықтан ата-аналарға ең алдымен балалардың дұрыс тамақтануын қалыптастыруға кеңес беремін. Ол әрине иммундық жүйенің қалыптасуына оң әсер етеді. Асқазан ішек жол, өт жолдарын дұрыс қалыптастырады. Сондай-ақ уақытылы балаларға екпе салдыру қажет. Кез келген жұқпалы дертке салғырт қарауға болмайды, – дейді Айгерім Иманмырзаева.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

**Зордан Салықбаев – 80 жыл**

**Зордан Салықбаев. Бұл – аймағымызға танымал есім. Біз алғаш мектеп табалдырығын аттаған 1969 жылы Зордан ағамыз жиырма бес жастағы жігіт екен. Ес біліп, бастауыш сыныпта оқып жүргенде ол кісі №188 мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болыпты. Кейін аудан орталығына қызмет ауыстырды. Жетпісінші жылдардан бері қарай ағамызды тұлға ретінде білдік, тани бастадық десем болады. Бұл біздің оң-солымызды айырып, жігіт болып қалған кезіміз еді. Әр жерде жиындарда кездесіп қалатынбыз. Зордан ағамыздың сөзінен, ісінен, болмысынан тектілік, дегдарлық, бекзаттық байқалып тұратын. Сыршыл ақын, өткір журналист еді. Бітімі жұқа болғанмен, адамгершілік, азаматтық болмысымен көп ішінен іріленіп, айбынды көрініп тұрушы еді. Бір өкініштісі, біз ағамызбен етене араласа алмадық. Анығырақ айтқанда, үлгермедік. Тек ол кісінің кітаптарын парақтап, өлеңдері мен әңгімелерін оқып отырып, ағамыздың жан-дүниесіне үңілеміз, терең тани түсеміз.**

## Ақын аманаты



Кеңестер Одағы (СССР) Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Зордан Салықбаев 1944 жылы 15 мамырда Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келді. 1960 жылы 10 жылдықты бітірген соң бір жыл туған жерінде колхозшы болып еңбек еткен. 1963 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі және әдебиеті факультетіне түсіп, 1967 жылы үздік дипломмен бітірді. Еңбек жолын сол жылы Аққыр совхозындағы №188 орта мектепте мұғалім болып бастады. 1968 жылдың желтоқсан айынан 1970 жылдың қыркүйек айына дейін аудандық «Жаңадария» (қазіргі «Жалағаш жаршысы») газетінде хаттар бөлімінің меңгерушісі болды. 1971 жылы №188 орта мектеп директорының орынбасары, 1971-1974 жылдары аудандық партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, 1974-1986 жылдары Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінің редакторы болып қызмет атқарды.

Зордан ағамыздың артында қалған әдеби мұрасын жарыққа шығарған – жұбайы, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», білікті ұстаз Дина апамыз. Зордан ақын өмірден ерте өтті де, шығармалары жарыққа шықпай, қолжазба күйінде қалып қойды. Оларды жинақтап, баспаға әзірлеп, кітап қылып шығару, оқырманға жеткізу оңай шаруа емес. Оның қиындығын сондай шаруаның төңірегінде жүргендер жақсы біледі. Бірақ соған қарамастан Дина апамыз жауапты жұмысты қолына алды. Өйткені бұл ақынның аманаты еді.

Зордан ағамыз Салықбай ақсақалдың елуге келгенде көрген жарығы екен. Сауда жасап, кіре тартып, кейін мал шаруашылығында еңбек еткен Салықбай ешкімге қиянаты жоқ, өз дәуірінде тұстастарының ішінде мойны озық, салмағы бар беделді кісі болыпты. Бірінші қосағынан бала болмай, екінші рет елуге келгенде бас қосқан Ақшай әжемізден Зордан ағамыз дүниеге келеді. Зордан – ерекше және сирек кездесетін есім. Жаңаталапта Салықбай әкеміздің туыс інісі Нәппай ағамыз Ақшай әжеміз келін болып келгенде таяқты ат қылып мініп жүрген ойын баласы екен. Сол бала Нәппайдың Құдай аузына салған ба, бірталай уақыт бала көтере алмай жүрген Ақшай жеңгесіне: «Ақ жеңеше, ұзамай ұл туасың, бірақ зордан туасың» – дейді екен қалжыңдап. Ондайда Ақшай әжеміз: «Өй, жүгірмек, айтқаның келсін!» – дейді екен қайнысының сөзін іштей қалап, қабыл алып. «Зордан туасың» дегені жасың келіп қалды, қиналып, зорға туасың дегені екен ғой. Не керек, сол қайнысының айтқаны келіп, көп ұзамай Ақшай әжеміз бала көтереді. Нәресте шыр етіп дүниеге келгенде «қайным зордан туасың деуші еді, аты Зордан болсын» дейді. Сөйтіп болашақ ақынның өмір жолы басталады.

Салықбай әкеміз құйма құлақ, көкірегі ескі әңгімелердің қазыналы қоры болған деседі. Келіні Динаға «Бала кезімде атақты жырау Балқы Базарды көрдім, талай қолына су құйдым, әңгімесін, өсиет жырларын тыңдадым» деп айтып отырады екен. Сонау аласапыран заманда Салықбай әкеміздің ең құнды дүниесі екі қақпаны болыпты. Қайда жүрсе де осы екі қақпанын тастамайды екен. Аң аулап, отбасын, әулетін асыраған көрінеді. Бірінші әйелі Жаңаталапта Әбдіхалық деген әкеміздің немере қарындасы екен. Бұл әжеміз сол Қарақұмда жүргенде бала үстінен қайтыс болады. Сөйтіп Салықбай салт бас біраз уақыт жүріп қалады. Ауылдағы ағайын Салықбайдың жалғыз жүргенін құп көрмей, «Бұл енді ұрпақсыз кете ме, бұған әйел алып берейік» деп Қырға хабар салып, Салықбай елге келеді. Ауылдағы әулеттің үлкені Жолмырзаның әйелі, әулетте «би ене», «би әже» атанып кеткен Гүлжан қайнысына қамқор көңілмен «Жалғыздық Құдайға жарасқан, бас құра» деп бұйырады. Би жеңгесінің сөзін қайнысы құп алып, күйеуі қайтыс болып, төрт қызымен қалған Ақшай әжемізбен кездеседі. Ақшайдың бұрынғы күйеуі кәмпескенің кезінде айдалып кеткен де, содан хабар-ошар жоқ, өлі-тірісі беймәлім күйде қалған екен. Төркіндерінен де ешкім қалмаған, аштықта ажал құшқан. Бесінші қызын отын алып келе жатқанда босанып, шетінеп кетеді. Сөйтіп үйелмелі-сүйелмелі төрт қызымен отырған кезі екен. Кейінірек Ақшай әжеміз келіні Дина апамызға «Сенің атаңа екі қақпаны үшін тидім, басқа амалым жоқ еді, төрт қызды аман сақтауым керек болды» деп отырады екен.

***ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ***

Мәселе



# Үш ауысымды мектептер саны азаяр емес

**Елімізде 3 ауысымды мектептер саны әлі де артуы мүмкін. Мамандар бұл мәселені кейбір өңірлердегі демокрафиялық өсіммен байланыстырады. Әсіресе оңтүстік өңірде жағдай мәз емес екен. Мәселен, Жамбыл облысының Ойтал ауданында балалар дәлізде білім алуға мәжбүр. Бұл аудандағы 300 орындық мектептерде мыңға жуық оқушы білім алып жатыр. Онда мұғалімдердің жеке кабинетіне дейін оқу сыныбына арналған. Осындай 33 кабинет оқу сыныбына ауысқан. Десе де оның 7-еуі талапқа сай емес екен. Тіпті 2 сыныптың есігі бір, яғни бір уақытта 2 сабақ өтеді, мектептің кітапханасы да дәлізде, ал еңбекке баулу кабинеті атымен жоқ. Сол өңірдегі 3 жыл бұрын жөндеуден өткен тағы бір білім ошағына 4 ауылдың оқушылары қатынайды екен.**

### Жүзден астам мектеп 3 ауысыммен білім береді

Жалпы елімізде 3 ауысыммен білім беретін мектептер саны 100-ден асады. Оның көбісі Астана қаласына тиесілі, ал қалғаны Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстарының үлесінде, сондай-ақ 3 ауысымды мектептер Алматы мен Шымкент қаласында әлі де бар.

Мәселені шешудің тиімді тетіктерін мемлекет ойластырған. Соңғы жылдары жемқорлардан қайтқан қаражатқа мектеп салу идеясы ұсынылды. Басқа да жобалар қолға алынды. Бірақ оны толыққанды шешу әзір мүмкін болмай отыр.

Былтыр білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан 151,9 млрд теңге қаржы бөлінген. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ел тайқазынынан, ұлттық қордан 21,3 трлн теңге қаралған. Былтыр осы қаражаттан 499,9 млрд теңге бөлініпті. Ал биыл 976,3 млрд теңге қаралған. Келер жылға да қанша қаражат қаралғаны белгілі болды, яғни 909,4 млрд теңге алдағы жылдың еншісінде. Бірақ мемлекет тарапынан сала қаншалықты қолдауға ие болса да елімізде бұл өзекті мәселеге айналып отыр.

### Былтыр 165 мектеп жұмысын бастаған

2023 жылы 137,8 мың оқушыға арналған 165 мектеп ашылған. Оның дені Атырау, Түркістан, Шымкентте. Бірақ бұл өңірлерде үш ауысымды мектептер мәселесі әлі де шешімін таппай отыр.

Апта басында білім саласындағы осы өзекті мәселе Үкімет отырысында да қаралды. Онда Премьер-министр Олжас Бектенов «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырып, мерзімдердің бұзылуына жол беруге болмайтынын қатаң ескертті.

### Биыл 217 «Жайлы мектеп» жұмысын бастайды

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, 2024-2025 жылдары 740 мың оқушыға арналған 369 жайлы мектепті, оның ішінде биыл 217 мектепті пайдалануға беру жоспарда бар. Құрылыс бірыңғай стандарт бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте 163 мектеп ауылдық елді мекендерде салынбақ. Ол елімізде салынатын жалпы «Жайлы мектептердің» 44 пайызын құрап отыр.

Осы ретте оқырманда «Жайлы мектептің» қарапайым білім ошақтарынан қандай айырмашылығы бар?» деген сауал туындауы әбден мүмкін. Бұл оқу нысандары заманауи құралдармен жабдықталады. Бастауыш және жоғары сыныптар үшін оқу кабинеттері, санитариялық тораптары және спорт залдары бар жеке блоктар қарастырылған.

Мектептерді заманауи техникалық құралдарды енгізу және күзетті күшейту есебінен жоғары деңгейдегі қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз ету жоспарлануда. Сондай-ақ оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдары мен киімдерді сақтауға арналған жеке шкафтар да қарастырылған. Оған қоса жайлы мектептер ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта болмақ.

### «Жайлы мектептер» отандық өнімдермен жарақталады

Министр «Атамекен» ҰКП мен салалық қауымдастықтар өкілдерінің ұсыныстарын ескере отырып, отандық өндірушілерді қолдау бойынша қосымша шаралар қабылданғанын айтады. Мәселен, жиһаз өнімдерін тек «Самұрық-Қазына» және «Атамекен» тізіліміндегі қазақстандық компаниялардан сатып алу көзделген. Будан басқа отандық өндірістегі құрылыс материалдарын қолдану бойынша талаптар енгізілді.

Премьер-министрдің айтуынша, Мемлекет басшысының бастамасымен іске асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының ел үшін маңызы зор, оның арқасында үш ауысыммен оқытатын және апатты мектептер проблемалары шешілуі тиіс. Жалпы салынып жатқан мектептердің саны әр өңірдің қажеттілігін және оның демографиялық ахуалын ескере отырып анықталады.

Осы ретте Олжас Бектенов олардың барлығы жаңа мектептерге аса мұқтаж өңірлерде салынуы тиіс деп есептейді. Оның үстіне жайлы мектептер атына заты сай, оқушыларға ыңғайлы әрі білім беру деңгейі жоғары болуы керек. Олар қауіпсіз және сапалы білім беру ортасына айналуы тиіс.

Үкімет басшысының айтуынша, аталған мектептер әу бастан цифрлық камералармен жабдықталып, полицияның Жедел басқару орталықтарына жалғануы қажет. Оған қоса жаңа, интерактивті оқыту әдістерін қолдануға мүмкіндік беретін жылдамдығы жоғары интернет жүргізілуі керек. Ол «Жайлы мектептерді» оқу процесіне қажетті заманға сай жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз ету қажеттігін де қатаң ескертті.

– Бұл мектептерді өскелең ұрпақты, әсіресе шағын қалалар мен ауылдарда оқушыларды баурап алатын бірегей орталықтарға айналдыру қажет. Онда спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелері жұмыс істеуі керек. Балаларға қосымша білім алу мақсатында фильмдер көріп, интернеттен қажетті ақпарат іздеу, кітапханада дайындалу мүмкіндігі берілуі тиіс, – деді Олжас Бектенов.

### Ұлттық жобаны жүзеге асыруда шикілік бар

Үкімет басшысының айтуынша, ұлттық жобаны іске асыруда белгілі бір шикіліктер де бар. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы учаскелерді бөлу және жобалық құжаттаманы әзірлеу қарқынын сынға алды. Осыған байланысты барлық проблеманы қысқа мерзімде жою тапсырылды.

– Құрылыс материалдарын, жабдықтар мен жиһаздарды сатып алу ісіне барынша отандық өндірушілерді тарту қажет. Жалпы Мемлекет басшысының жаңа форматтағы мектептер салу туралы тапсырмасын орындау үшін бар күшімізді жұмылдыруымыз керек, – деді Премьер-министр.

Олжас Бектенов «Самұрық-Қазына» қорына 1 қыркүйекке дейін 98 мектепті, ал қалған 119 мектепті жыл соңына дейін пайдалануға беруді тапсырды. Осы ретте ол мерзімдердің бұзылуына ешқандай жол беруге болмайтынын ескертті. Яғни жұмыс сапасы ақсамауы тиіс.

Өңірлер әкімдеріне 15 наурызға дейін мектеп құрылысына арналған жер учаскелерін рәсімдеуге қатысты барлық проблемаларды шешу тапсырылды. Сондай-ақ биыл пайдалануға берілетін мектептерге баратын жолдар мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысын тамызға дейін аяқтау қажет.

Оған қоса Үкімет басшысы объектілер ашылғаннан кейін бірден нақты жоспарлы оқу процесін ұйымдастыру үшін салынып жатқан мектептерді алдын ала педагог кадрлармен қамтамасыз ету керектігін айтты. Үкімет Ұлттық жобаны іске асыру барысын маусым айында қайта қарайды. Егер жұмыс тәсілі өзгермесе, жауапты тұлғаларға қатаң шаралар қолданылады.

### Облыста биыл 10 мектеп ел игілігіне беріледі

Аймақта «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Биыл тапсырылатын 10 мектептің мердігері анықталып, 9-ның құрылысы қарқын алды. 1 мектеп бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысы кеш шығуына байланысты жақын күндері басталмақ.

Инфрақұрылым жеткізуге жергілікті бюджеттен 118,4 млн теңге бөлініп, жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Тоғызына сараптама қорытындысы алынған, ал 1-еуі аяқталуға жақын.

Инженерлік желілер жүргізуге облыстық бюджеттен 1,6 млрд теңге қаралған. Қазіргі таңда мердігер мекемелер де белгілі болды. Жобаны үйлестіруші «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамы өкілдерімен бірлескен жол картасына сәйкес жұмыс жүргізіліп жатыр.

Былтыр құрылысы басталған 10 мектеп биыл 1 қыркүйекте пайдалануға берілуі тиіс. Ал сыртқы инженерлік инфрақұрылым жүргізу алдағы маусым айының соңына дейін аяқталуы керек. Қызылорда қаласы және аудан әкімдері осы жылдың 1 тамызына дейін мектептер аумағын жол-көлік желілерімен, жарықтандыру, абаттандыру, жаяу жүргіншілер жолдарымен және аялдамалармен қамтамасыз етуі тиіс.

Айта кетейік, биыл 6900 орынға арналған 10 мектеп, 2025 жылы 5400 орындық 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Өткен аптада «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамы басшыларының облысқа іс-сапары кезінде арнайы мәжіліс өткізіліп, ұлттық жобаны өңірде асырудың өзекті мәселелері жан-жақты талқыланған.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

# Бүгінгі жас ұрпақ – келешек білікті маман

**Биыл жалағаштық 414 түлек мектеп бітіреді, оның 401-і ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Қазіргі таңда олар ұстаздарымен бірге қызу дайындық үстінде. Биыл ҰБТ-ға қандай өзгерістер енгізілмек? Оған түлектеріміз дайын ба? Тарқатайық...**



– 2024 жылғы ҰБТ форматында негізінен өзгеріс жоқ, 2017 жылы енгізілген формат қазіргі уақытта сақталып отыр. Жалпы талапкерлер 5 пәннен тест тапсырады. Оның 3-еуі – негізгі пәндер. Яғни оқу сауаттылығы, математика сауаттылығы және қазақстан тарихы. Мұнан бөлек екеуі бейінді пән. Бұл талапкердің өзінің келешекте оқитын мамандығына тікелей қатысты. Мәселен, медицина мамандығына баратын болса, биология-химия пәнін таңдайды. Ал инженерлік мамандыққа баратын болса, математика-физика сынды пәннен тест тапсырады. Биыл өзгеріс тек сұрақтардың санына байланысты болып отыр. Егер оқу сауаттылығы мен математика сауаттылық бойынша бұған дейін 15 сұрақ болса, биыл оның саны 10 сұраққа дейін қысқарған. Керісінше бейінді пәндердің, яғни талапкердің келешекте тікелей мамандығына қатысты сұрақ саны 35-тен 40-қа көбейіп, 50 баллды құрады.

ҰБТ-да жалпы сұрақтың саны өзгеріссіз 120 болып қалды. Максималды балл – 140. «Тапсырманың саны мен ең жоғары ұпай саны неге сәйкес келмейді?» деген сауал туындауы мүмкін. Берілетін балл сұрақ санына қарағанда әлдеқайда көбірек. Себебі бейінді пәннің соңғы 10 сұрағы 2 балдық сұрақтар, – деді Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев.

Айта кетейік, талапкерлер бұрынғы қағаз форматындағыдай 1 рет қана емес, биыл 5 рет ҰБТ тапсыру мүмкіндігіне ие. 15 қаңтар 10 ақпан аралығында алғашқы қаңтар ҰБТ-сы өтті. Оған жалпы республика бойынша 136 000-ға жуық талапкер қатысқан. Ал аудан бойынша 401 түлек бақ сынады. Биыл талапкерлердің басым көпшілігі педагогикалық мамандықтарға басымдық берген. Кешегі қаңтардағы ҰБТ-да аудан бойынша Т.Жүргенов ауылындағы №117 орта мектептің түлегі Қоңтай Ақнұр 124 балл жинаған. Ал ең төменгі баллды Бұқарбай батыр ауылына қарасты №33 мектеп түлегі алған. Орташа балл – 70.4.

– Таңдау пәнім – қазақ тілі мен әдебиеті. Кішкентай кезімнен осы пәндер бойынша пәндік олимпиада мен түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иелендім. Былтырдан бастап ҰБТ-ға қызу дайындық үстіндемін. Мектеп бағдарламасынан бөлек қосымша курстар оқып, ізденіс үстінде жүрмін, – дейді №117 орта мектептің түлегі, «Алтын белгіге» үміткер Ақнұр Ерболқызы.

Өткен айда тапсырған қаңтар ҰБТ-сы мен алдағы уақытта тапсыратын наурыз, тамыз ҰБТ-сының сертификаттары тек жоғары оқу орындарындағы ақылы оқу бөліміне ғана жарайды. Ал енді негізгі ҰБТ мамыр мен маусым айларында өтеді. Яғни талапкерлерге 2 мүмкіндік беріледі және сол ҰБТ-ның сертификаттары ғана грант конкурсына жарамды болмақ.

ҰБТ-ның пәндері ішінде ең жоғары көрсеткіш оқу сауаттылығында болып тұр, былтыр негізгі тестілеу кезінде жалпы 162 мыңға жуық талапкер ҰБТ тапсырды, сондағы оқу сауаттылығы бойынша келген сұрақтардың 81 пайызына дұрыс жауап берілген. Ең төменгі көрсеткіш химия мен физикада.

Былтырғы қорытынды көрсеткішке қарасақ, грант конкурсында ең жоғары бәсеке педагогикалық мамандықтарда екен. Мысалы, 2023 жылы 94 мыңға жуық талапкер грант конкурсына құжат тапсырған. Оның 23 500-і, яғни әр 4-үміткер педагогикалық мамандықты таңдаған. Сұранысқа сай бәсеке де, шекті ұпай көрсеткіші де артты. Айталық, былтыр «Математика пәні мұғалімі» мамандығына грантқа түсудің ең төменгі ұпайы 123 ұпай болған. Сонда 122 ұпай жинаған талапкер аталған мамандыққа грантқа үміткер бола алмады.

Осыдан 3 жыл бұрын министрлік тарапынан өте маңызды шешім қабылданды. Яғни ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға құрдастарымен бірдей ҰБТ тапсыру мүмкіндігі қарастырылды. Осы ретте соңғы жылдары ҰБТ-ны тапсырып жатқан ерекше талапкерлердің қатары үш есеге артқан.

Айта кетейік, тестілеуге мектеп формасымен келу де талап етілмейді, яғни талапкерлер еркін, ыңғайлы формада келе алады. Сондай-ақ ҰБТ-ға берілетін уақыт та өзгеріссіз қалды, яғни 4 сағат.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**

# IT саласын қолдауға басымдық берілуде

**Жақында Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында елімізде IT саланы серпінді дамытуға бағытталған жобалардың қолданысын кеңейтуді тапсырған. Осы бағытта Қызылордада IT саласын қолдауға басымдық берілуде. Нәтижесінде өңірде бұл саламен айналысамын деген жастарға да мол мүмкіндік қарастырылған. Жыл өткен сайын салаға қызығушылық танытатын оқушылар мен студенттердің саны артып, олардың тың жобалары нәтижесін беріп жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен облыстағы IT саланы дамыту аясы талқыланып, арнайы дөңгелек үстел өтті.**

– Өздеріңізге белгілі жақында Қорқыт ата университеті Оңтүстік Корея елімен бірлесіп, жасанды интеллект мектебін ашты. Қазіргі таңда студенттер осы бағытта білім алуды бастап кетті. Алдағы уақытта да екі ел арасындағы бірлескен жұмыстар жалғасын табады. Жалпы бүгінде университетке арнайы жасанды интеллект бойынша 100-ге жуық грант беру мәселесі қаралуда. Грант иегері атанған студенттер екі жыл көлемінде Оңтүстік Кореяда білім алады. Бұл біздің Қызылорда облысының студенттеріне өте керекті әрі ыңғайлы жоба екені анық. Бұл өз кезегінде жас мамандарымыздың тың жобаларын жарыққа шығаруға мүмкіндік бермек. Бұдан бөлек жаңа идеяларды танытатын Kyzylorda Hub, IT park, Astana Hub және облыс әкімдігімен бірлескен түрлі шаралар өтеді. Оның ішінде Hackathon, Pecha-Kucha секілді шаралар да бар. Былтыр жасанды интеллектті дамыту бағытында иннофест өткіздік. Сол фестивальде жасанды интеллекті қазақшаландырып, ерекше жоба дайындағандардың бірі – қызылордалық оқушы Асылжан Абдуллаев. Қазіргі таңда оның жобасына елімізден бөлек, шет мемлекеттерден де қызығушылық білдіруде. Заман дамыған сайын жаңа технологиялардың пайда болатыны белгілі. Осыған дейін робототехникалар дамып келсе, қазір жасанды интеллект арқылы жаңа индустрияны дамытуға мүмкіндік туында. Сол себепті IT саланы дұрыс дамыту ел экономикасына жаңа серпін әкелетіні сөзсіз, – деді облыс әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы С.Ибадулла.

Бүгінде еңбек нарығында IT саласының мамандары үлкен сұранысқа ие. Яғни қазіргі таңда барлық салаға IT технологиялардың көмегі қажет.

– Сол себепті біз осы саланы дамыту бағытында бірнеше ауқымды жобаларды қолға алып, қала мен шалғайдағы елді мекендердің дарынды жастарын тартудамыз. Олардың тың жобаларын одан әрі жетілдіруге өз үлесімізді қосамыз. Сол жұмыстардың арқасында өңірімізде сәтті жобалар жарыққа шықты. Жалпы, статистикалық мәліметке сүйенсек, IT бағытында ұйымдастырылатын жобаларға Қызылорда қаласына қарағанда, шалғай ауылдардағы жастардың саны басым. Қармақшы, Арал, Қазалы аудандарының жастары өте белсенді. Бұл бізді ерекше қуантады. Алда көптеген жаңа жобалар мен жоспарлар орындалады, – деді «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Тубекбаев.

«Grand master» бағдарламалау мектебінің директоры Алмат Қуанышбаев IT тек айтишниктерге арналған сала емес деп есептейді. Яғни бұл барлық саламен тығыз байланысты. Сол себепті мектеп табалдырығын аттаған әрбір оқушы осы сала бойынша толық білім алуы керек.



– Бұл жерде басты мақсат – барлығын IT маманы ету емес, болашағына қажет болатын қарапайым қызметтерден хабардар ету. Жалпы біздің IT парк базасында 12 резидент бар. Олардың әрқайсысы IT саласы бойынша айына 2 рет іс-шара өткізеді. Ол шараларға біз ауылдық, аудандық мектептің және колледждің балаларын онлайн түрде қатыстырамыз. Одан бөлек, біз шет елдің мамандарынан кеңес алып, балалармен кездесу ұйымдастырамыз. Биыл жасөспірімдерге арналған тағы бір жоба өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Алмат Қуанышбаев.

**«ЖЖ» ақпарат**

**ЖОБА**

**Жалағаш ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.
2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы У.Елеусинов**

---

**ПРОЕКТ**

**О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Жалагашском районе**

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) Жалагашский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Жалагашском районе с 4 процентовдо 2 процентов по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.
2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2024 года и подлежит официальному опубликованию.

**Председатель Жалагашского районного маслихата У.Елеусинов**

# Ақын аманаты




Ақшай әжеміз келісім бергесін Салықбай Жолмырзаның үйіндегі жеңгесі Гүлжанға келіп, «Ақшайға сөз салдым, екеуміз бас құрайтын болдық» дегенде, жеңгесі ыршып түсіп, «Қайным-ау, бес бала туған оны қайтесің, ол енді саған бала туып бере алмайды, не деп үміттеніп отырсың? Сосын заман болса мынау, оның балаларын қалай асырайсың? – дейді. Сонда Салықбай: «Ай, жеңеше, мал екеш малдың да шығыны болады, оның қасында бұл адам ғой, тәуекел, маңдайға жазғанын көрерміз», – дейді.

Ақшай бір қызын Қазалыдағы апасының қолына беріп, үш қызымен Салықбайға қосылады. Көп өтпей сегіз жастағы және он алты жастағы екі қызынан бір күнде айырылып қалады. Араға бірер жыл салып тағы да бір қызы өледі. Шәрікүл деген бір қызы қалады. (Бұл апамыз кейін Қармақшы ауданының бір азаматымен бас қосады. 1980 жылы қырық төрт жасында қайтыс болды).

Бір күні Салықбай әкеміз жеңгесі Гүлжанға келіп, «Жеңеше мен түс көрдім, мен ұлды боламын, ол бала маған орыстан нан жегізеді», – дейді. Орыс деп отырғаны кеңес үкіметі ғой. «Әй, бес бала туған қатыннан қайдағы ұл саған?!» – деп жеңгесі қайнысының сөзіне аса мән бермейді. Бірақ, 1944 жылы мамыр айында дүниеге Зордан ағамыз келгенде жеңгесі Гүлжан: «Апырай, мен асылық айтыппын, бұл Құдайдың құдіретінде шек жоқ екен. Бұл бала ерекше болады. Алла ғұмыр берсін», – деп Салықбайдан кешірім сұрайды.

Міне, Зордан ағамыздың дүниеге келуінің өзі осындай бір хикая.

* * *

Аласапыран заман. Аштық, жоқшылық, соғыс. Жер ауып келген шешендер әр жерде бұратылып жатып, өліп қалады. Салықбай оларды сүйемелдеп, үйге алып келіп, қақпанға түскен аң-құсының сорпасын беріп, есін жиғызады. Сорпа ішкендері есін жиып, аяққа тұрып кетеді. Елде дән жоқ, дән болмағасын нан жоқ. Аңның еті де нансыз ас болмайды екен, әйтеуір өлместің күнін кешіп өмір сүріп жатады.

Салықбайдан басқа Құмақбай, Салмахан, Құлмахан деген үш ұл және Ұлжан деген бір қыз болыпты. Дүние төңкерілген топалаң шақта қыз Өзбекстанға күйеуге шығады. Екі ағасы Құмақбай мен Салмахан сол Өзбекстанға кеткен қызды іздеп шығып, сол күйі хабарсыз кетеді. Аштықтан өліп қалды ма, ит-құсқа жем болды ма, беймәлім. Кейін 1950 жылдары Салықбай Қарақалпақстанға өзі есекпен барып күйеуі қайтыс болып, екі қызбен қалған Ұлжанды көшіріп алып келеді. Сөйтіп, Салықбай атамыз өзінің қызы Шәрікүлге қосып Алмагүл, Жұмакүл деген қарындасының екі қызын асырап адам қылады.

Зордан ағамыз әлжуаз болып өсіпті. Аяғы ауырып, бірінші сыныпты үйден оқиды. Ұстазы Байғабылов Қосалы Зордан ағамызды үйінде оқытыпты. Өзі шыңжау болғанымен зерек, алғыр бала мұғалімнің сабағын санасына құйып алады екен. Денсаулығы түзелген соң Зордан ағамыз сабағын мектепте жалғастырады. Үшінші сыныпта оқитын кезінде ауылдағы ескі клубта бір жиын болады. Сол жиында Зордан ағамыз тақпақтап өлең оқиды. Көзі от шашып, дауысы саңқылдап тұрған балаға ауылдастары риза болысып:

– Әй, мынау Салықбайдың баласы ма? Бәрекелді! Тіл-көзден сақтасын, – жатады. Бұл Зордан ағамыздың елдің алдына алғаш рет шығуы екен. Байыппен қарасақ, елжанды ақынның қияға қанат қағуының басы екен бұл. Ағамыз алғашқы өлеңін он төрт жасында жазыпты. «Моншаның зары» деп аталатын сол өлеңі ауылдағы әлеуметтік мәселені көтеріп тұр. Бірақ, ақын өзінің күнделік жазбасында бұл тырнақалды туындысына «өлең емес» деп баға беріпті. Осы жазбасынан ағамыздың кішкентай кезінен бастап-ақ өзіне-өзі сыншы болғаны байқалады.

Жалпы Зордан ағамыздың артында қалған мұрасының тең жартысы күнделік жазбалары. Күнделік – қазақ әдебиетінің эпистолярлық жанры. Ақынның 2006 жылы жарық көрген «Армандап өткен ғұмыр» атты кітабына осы күнделіктегі жазбалары енгізілген. Ондағы естеліктерден ақынның болмысы көрінеді, ішкі дауысы естіледі, өзі өмір сүрген сол қоғамның шынайы сипаты айқын аңғарылады. Қулықпен, айламен, өтірікпен тіршілік кешу ақын болмысына жат екендігі, ақын жүрегінің сырттағы жалғандықты, жасандылықты да қабылдай алмайтындығы айқын аңғарылады. Зордан ағамыз үнемі қоғамдағы келеңсіздіктердің, әділетсіздіктердің барлығына өзін жауапты сезініп, өзін өзі қамшылап отырғанын байқаймыз.

* * *

Бозбала Зордан колхозда бір жыл жұмыс істеп, оқуға баратын болды. 1963 жылы өзімен бірге оқыған құрдасы Иманғалиева Клара екеуі Алматыға жолға шығады. Перронда тұрған келешек студенттің есіне анасының сөзі түседі. Жалғыз ұлы Алматыға оқуға барамын дегеннен Ақшай әжемізден маза қашады. Ұлын алыс қалаға жібергісі келмейді. Көз алдында жүргенін қалайды. «Ойпырымай, осы кейбір балалар оқуға түсе алмай қалады дейтін еді, біздің Зордан да оқуға түсе алмай қалса жақсы болар еді», – деп отырады екен.

Алатау баурайындағы арман қалаға аттанғалы тұрған Зордан анасының осы сөзін есіне алды. Көз алдына анасының әжім басқан, мейірімді жүзі келеді. Аяқ астынан Алматыға емес, Қызылордада оқитын болып шешім қабылдап, ауылға қайтады. Ұстазы Майлыбаев Жақсылық ағасына келіп пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқығысы келетінін айтқанда, Жақсылық ағайы шәкіртіне шетел тілдерін оқы деп кеңес береді. Ұстазының ақылын құп алады. Бірінші емтихан қазақ тілінен шығарма жазады. Екі күннен кейін Зорданды деканатқа шақырады. Шағын кабинетте отырған үш-төрт адамның бірі «Сен Салықбаев Зордан деген баламысың? Ағылшын тілінде неге адасып жүрсің? Сенің жазған шығармаңды көріп отырмыз, сен қазақ тілі мен әдебиетінің маманысың, болашақ журналиссің, бәлкім ақын иә болмаса жазушы боларсың, сен қазақ тіліне кел!», – дейді төрде отырған кісі. «Жарайды», – деді Зордан. Кейін білді, болашақ ақынға жол сілтеген кісілер Әуелбек Қоңыратбаев, Әли Байжолов және Нұрлыбек Жүнісов деген мұғалімдер екен.

Институт Зордан ағамыз үшін үлкен өмір мектебі болады. Білімге сусап келген ауыл баласы білім дариясынан құмары қанғанша сіміреді. Оқып жүріп, өлеңдерін де жазады, белгілі ақындармен танысады. Сол кездегі Жазушылар Одағы филиалының төрағасы Асқар Тоқмағанбетов жас ақындарға көп қамқорлық көрсетеді. Асқар ақынның және сол кездегі облыстық газетте тілші болып істейтін Қомшабай ағасының қолдауымен студент Зорданның екінші курстан бастап өлеңдері облыстық газетке шыға бастайды.

Бірде Қармақшының III Интернационал колхозына Ғабит Мүсірепов келіп, халықпен кездеседі екен деген хабар естіледі. Облыстық комсомол комитетінің ұйымдастыруымен II курстың студенттері, жас ақындар Зордан Салықбаев пен Серік Сейтмағанбетов осы кездесуге барды. Ұлы жазушымен өткен салтанатты кездесу жиырма бір жастағы жігітке үлкен әсер қалдырады. Кездесуде Зордан екі өлеңін оқиды. Жас ақынның өлеңдерін ұйып тыңдаған Ғабит Мүсірепов: «Бәрекелді! Міне, елде қандай талантты балалар бар, қазақ әдебиетінің болашағын жасайтын осылар болады!», – деп сүйсінеді. Жас ақын жылы лебізден тебіреніп кетеді. Расында, ол кезде ұлы жазушыдан мұндай баға алу бақыты екінің біріне бұйыра бермейтін еді...

Осы уақытта Зордан ағамыз жиырма бір жаста екен. Институтта Гүлзай Смағұлова деген қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін, кафедра меңгерушісі болыпы. Ол кісі жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романындағы басты кейіпкерлердің бірі – Зәйкүл екен. Сол кездегі обкомның үшінші хатшысы Қаржау Жарқынбековтің әйелі екен. Студент Зордан сол кісімен жақсы сыйластықта болады. Гүлзай «Сен ауылда не істейсің, әрі десе мектепте мұғалім боларсың, директор боларсың, сен ғылыммен айналысуың керек», – деп Зорданды институтқа шақырады. Осындай шақырту Әуелбек Қоңыратбаев тарапынан да болады. Бірақ, несібе қай жерде болса, адам пенде сонда жүреді емес пе?! Зордан ағамызды институттың дәм-тұзы тартпай, ризық-несібесі ауылдан бұйырыпты.

* * *

Институтты қызыл дипломмен бітіріп келген жас маманға мектептен өз пәні бойынша жұмыс табыла қоймайды. Қармақшы аудандық газетінің редакторы Әзілхан Амановқа барып, корректор қылып жұмысқа алуын сұрайды. Редактор талантты жасты жұмысқа алғысы келгенмен, бос орын болмайды. Зордан ағамыз ауылға қайтып келіп, аудандық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Әбжаппарова Орынтайға келеді. «Институтты жақсы бітіріпсің. Бірақ, бізде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері түгел, бос орын жоқ» дейді құжаттарын қарап отырып. Бір сәт үнсіздіктен соң:

– Орыс тілінен сабақ бере аласың ба? – деп сұрайды. Жас маман ойланып қалады. Өзінің оқығаны қазақ тілі. I курста орыс тілі емтиханынан құлағаны бар. Бірақ, намысқа тырысып, бір апта дайындалып, қайта тапсырып өткен. Институтта орыс классиктерінің шығармаларын орыс тілінде оқып шыққан, шетел әдебиетін де орыс тіліндегі аудармалардан оқыған. Бірен-саран дүниелерді аударма жасапты.

– Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәні маманымын. Бірақ, орыс әдебиетімен де таныспын. Орыс классиктерінің бірқатар шығармаларын оқып шықтым, егер қажеттілік болса, орыс тілінен сабақ бере аламын деп ойлаймын, – дейді.

– Маған жас мамандардың осындай батылдығы ұнайды. Сен де өзіңе сенімдісің. Мен де саған сенемін. Не керек, сол жерде аудандық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі жас маманнан орыс тілінде диктант алады. Әп-сәтте жазып бітіреді. Дәптердің екі бетіне жазылған диктантты оқып көрген меңгеруші «Жарайсың, Зордан! Екі жүз сөзден бір қате шықпады, жарайсың!» дейді риза болған дауыспен. Сонымен, жас маман Зордан Салықбаев Қызылдың қиясындағы жаңадан құрылған Аққыр совхозындағы №188 орта мектепке орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болды. Кейін білді, аудандық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі Әбжаппарова Орынтайдың өзі де орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі екен.

Сөйтіп алғаш Аққыр совхозында №188 орта мектепте 36 сағат жүктемемен орыс тілінен сабақ береді. Кейін директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болады.

* * *

Зордан ағамыздың жары Мейірманова Дина апамыздың әкесі Нұржан ақсақал 1941 жылы ауылдан соғысқа аттанған ең алғашқы 72 адамнан тірі қайтқан екеудің бірі еді. Аққыр совхозына 1967 жылы барып, құрылыс қоймасына қарауыл болды. Дина апамыздың анасы Ешмұратқызы Әлима да колхозшы болған. Шіркейлі каналын қазуға қатысқан қарулы, жұмыскер кісі болған. Ағасы Қайырбек бірінші ферманың меңгерушісі Байнияз ақсақалдың қарауында шопыр, ал, жеңгесі Шырын малшы балалары жататын интернатта аспаз болыпты. 1967 жылы Мақпалкөлдегі мектепті бітірген Дина апамыз жоғары оқу орнына бара алмайды. Бір жыл совхоз директорының хатшы-мәшеңкешісі болып жұмыс істеп, Бердәулетов Камал ағасынан көп нәрсе үйренеді.

1968 жылы 23 ақпан күні Зордан ағамыз бен Дина апамыз бас қосып, отау тігеді. Ол кезде 23 ақпан – Кеңес армиясының құрылған күні. Маңызды мереке. Сол кездің қалыптасқан дәстүрі бойынша совхоз клубында шаңырақ көтерген жастардың комсомолдық тойы өткізіледі. Жұбайлық ғұмырдың алғашқы күнінен-ақ екі жастың арасында тазалыққа, адалдыққа, шыншылдыққа негізделген үйлесімді қарым-қатынас орнайды. Ақын жарына: «Менің әкем мен анамның көңіліне кірбің түспесін» деген шарт қояды. Дина апамыз аяулы жарының сөзін екі етпейді. Атасы Салықбай келінін өз қызындай көрді, Дина апамыз да атасын өз әкесіндей құрметтеп, енесінің бабын жасайды. Атасы мен енесінің ақыл-кеңесін, өсиетін, көрген, түйгенін кәдеге жаратады.

Дина апамыз 1969 жылы Қызылорда педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түседі. «Менен көмек сұрама, бәрібір көмектеспеймін, өз қабілетіңмен оқы» депті Зордан ағамыз жұбайына. Институтты сырттай оқып жүріп, мектепке жұмысқа тұрсам ба екен деген ойы да болыпты. Бірақ, бұл ойына да Зордан ағамыз «үшінші курсты бітірмей мектепке жұмысқа бармайсың» деп тосқауыл қойыпты.

* * *

Зордан ағамыз ауылдағы мектепте жұмыс істесе де жазуын тоқтатпайды, өлеңдері мен мақалалары жергілікті баспасөз беттерінде жиі жарияланып тұрады. Мазмұнды мақалалары мен мәнді өлеңдерін көрген аупартком Зордан Салықбаевты аудандық газетке жұмысқа шақырып, 1968 жылы желтоқсан айында аудандық «Жаңадария» газетіне жұмысқа келеді. Газетте еңбекші хаттар бөлімінде істейді. Әдеби қызметкер Темірше Сарыбаевпен екеуі бір кабинетте отырады. Бірақ, ауылдағы қарияларының жағдайымен 1969 жылдың қыркүйек айында қайтадан ауылға барады.

1970 жылы маусым айында аупарткомның бірінші хатшысы Исатай Әбдкәрімов Зордан ағамызды қолқа салып, қайтадан ауданға алдырады. Жақын ағасы Майлыбаев Жақсылық «Аупартком кезкелгенді шақыра бермейді, баланың бағын байламаңдар, ұстамаңдар, жіберіңдер. Көзімнің алдында жүрсін десеңдер, ертең қызметке тұрғасын Жалағашқа көшіп барыңдар» депті Салықбай әкеміз бен Ақшай әжемізге. Бәрі сол ағасы айтқандай болады. Сол жылы Зордан Салықбаев аупарткомге партия кабинетінің меңгерушісі деген жұмысқа келді.

Ол кезде партия жұмысы қат-қабат. Түрлі қағаздар, қатынас хаттар, баяндамалар. Сол тұста аупарткомның бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов облысқа қызмет ауысып, орнына Сұлтан Аманов келеді. Аупарткомның партия кабинетінің жұмысының бірі – бірінші хатшының баяндамаларын дайындау. Бірде облыста болатын партия конференциясында оқылатын баяндама дайындау керек болады. Бірінші хатшы осы баяндаманы дайындауды Зордан Салықбаевқа тапсырды. Баяндама орыс тілінде дайындалуы тиіс. Бір апта мерзімде орыс тілінде жүз беттік баяндама дайын болады. Облыста өткен жиында бірінші хатшының сауатты шыққан баяндамасы өте жоғары бағаланады және бұл Зордан ағамыз бен бірінші хатшының арасын жақындата түседі...

* * *

1974 жылы аудандық «Жаңадария» газетінің редакторы Қален Әбдешов қызметі ауысып, облысқа кетеді. Аудандық газетке жаңа редактор тағайындау керек. Аудандық газеттің иесі – аупартком, яғни редакторды тағайындайтын да аупартком. Аудандық газеттің редакторлығына Зордан Салықбаевтың кандидатурасы ұсынылады. Бірақ, обкомның үшінші хатшысы Қаржау Жарқынбеков «Бұл бала әлі жас, отызға да толмаған, игеріп кете алмайды», – деп қабылдамайды. Сонда аупарткомның бірінші хатшысы Сұлтан Аманов өзі барып «Мен сырттан адам алмаймын, бір адам болса осы Салықбаев болады, екі адам болса сол екеудің бірі ретінде де Салықбаев болады», – деп Зорданның кандидатурасын бекіттіріп келеді. Осылайша Зордан Салықбаев 1974 жылдан 1986 жылға дейін аудандық «Жаңадария» газетінің бас редакторы қызметін атқарады.

Бірақ Зордан ағамызға Сұлтан Амановтай бірінші хатшыны мойындату да оңай болмаса керек. Адам деген пенде ғой, замандастарының ішінен әлдекімдер Зорданның сыртынан қызғанышпен түрлі әңгімелер айтып, бірінші хатшы Зорданға теріс қабақ танытып жүрген кездері де болыпты. «Партия кабинетінің жұмысы нашар. Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы совхозда орналасқан әскери бөлімі партия кабинетінің жұмысын көріп келеміз, менімен бірге жүресің», – дейді бірде бірінші хатшы.

Межелі күні бірінші хатшымен аталған совхозға барады. Сұлтан Аманов жол бойы редакторға назар аудармай, шопыры Анатолимен әңгімелеседі. Қайтар жолда да редакторға салқын қабақ танытады. Әскерилердің штабында болғанда бөлім командирі шағын дастарқан жасап күтеді. Сонда құмырсқабел рюмкелерге құйылған бес жұлдызды армян коньягын командирдің қолқалауымен екі-үш мәрте ішке тастап алады. Соның әсерімен батылдау сөйлесіп, мәселенің мән-жайын ашып алмақ болып:

– Сұлтеке, рұқсат етсеңіз бір-екі ауыз әңгіме айтсам, – деп бастайды сөзін. Хатшы тыңдауға бейіл танытып, редакторға бұрылады.

– Мен сіздің қарауыңызда жұмыс істеймін. Меніңше, әр басшы өзінің қол астында жұмыс істейтін адамдардың жай-жағдайынан хабардар болуы керек. Өз басының халі қалай, семья жағдайы қалай дегендей. Менің осында жұмысқа келгеніме бірталай уақыт болды, бірақ сіз менің тікелей басшым ретінде әлі менен ештеңе сұрамадыңыз. Сіздің менен үлкендігіңіз бар, жасы үлкен аға, өзінен кіші інінің қамын ойлап жүруші еді... – деп бір тоқтайды.

Әңгімесі өтімді, әсерлі болғанын біледі, өйткені хатшы көзілдірігін, үш шешіп, үш киеді.

– Ал құлағым сенде, айт, кімсің, кімің бар? – дейді хатшы. Хатшының ықыласын пайдаланып Зордан ағамыз отбасы жағдайын түгел айтады.

– Айтқаныңның жөні бар, үлкендік қылып, мен өзім сұрауым керек еді. Дегенмен бұл әңгімеміз дұрыс болды, – дейді хатшы...

Тегін адам ел басқара ма, Сұлтан Аманов та халыққа үйрете жүріп, өзі де халықтан үйренетін сұңғыла адам болған. Жеңіл әңгімеге, сөзге еріп кете жаздаған қателігін тез түзейді және осы ашық әңгімеден кейін екеуінің арасы күрт жақсарады. Кейін келе екеуі аға-інідей сыйласады.

* * *

Зордан Салықбаев он үш жылға жуық аудандық газеттің бас редакторы болып жұмыс істейді. Байыппен қарасақ, сол бір жылдар алдыңғы толқын ағалардың дәуірі екен. Ол кезде қара өлеңнің, қазақтың қасиетті қара сөзінің қадірін, паркын, нарқын білетін Зордан ағамыздың өзінен бастап, Мәлік Аяпов, Жақсыбай Сарбалаев, Мырзамұрат Ілясов, Тұрсынбай Тәшенов, Ахмет Тілеулиев, Бексейт Шайланов, Жұмабек Әбжәмилов сынды ағаларымыз қатарда болатын. Жалпы сол кезде ауданда сондай бір әдеби-рухани орта қалыптасқан. Бұлар аудандағы рухани-идеологиялық күш болатын.

Өзінің уақытын бағалап, өзіне өзі есеп беретін адам Зордан ағамыздай-ақ болар. 1984 жылы жазғы демалыстарында Қырымға, Ялтаға барды. Бұлардың демалып жатқан жерінде Чеховтің музейі бар екен. Жұрт емін-еркін демалып жатса, Зордан ағамыз осы музейге баратын, кітапханадан кітап алып келіп оқиды. Бір күн кітап оқымаған күнін, жазбаған күнін босқа кеткен уақыт, өлген уақыт деп есептейді.

Талай марғасқалармен дидарласты, бір дастарқанда дәмдес болды. Бәкір Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Асқар Тоқмағанбетов, Кемел Тоқаев, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақ, Қомшабай Сүйеніш, Баянғали Әлімжанов, Сейіл Боранбаев сынды қазақ әдебиетінің алыптары Зордан ағамыздың шаңырағында болып, Ақшай әжеміз бен Дина апайдың ақ дастарқанынан дәм татыпты.

* * *

Бірде ауданға атақты партизан Қасым Қайсенов келеді. Аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев Зорданды шақырып алып «Зордан, саған бір жауапты тапсырма бар. Елге батыр ағаң Қасым келді. Елмен, халықпен кездеспекші. Сол батыр ағамызға «қарын бүрме» деген тағам дайындауымыз керек. Сенің қарияларың бар, бұл тағамды дайындаудың жай-күйін сол қариялар білмесе, жастар біле бермейді. Сен қариялармен ақылдасып, осы «қарын бүрмені» дайында», – дейді.

Салықбай әкеміз «Ойбай-ау, оған біраз уақыт керек қой. Шеңгелді жағып өртеп, бір қойдың етін өзінің қарнына салып, қойдың жілігінен ауа кіретін саңылау жасап, өртенген шеңгелдің қоламтасының астына тастау керек. Ол қоламтаның астында ең кемі бір тәулік жатуы керек», – дейді. Әкесін тыңдаса бұл шаруаның машақаты көп екен, ертеңге үлгермейді, енді не істеу керек?! Өстіп, не істерін білмей дал болып тұрғанда Дина апай көмекке келеді.

Не керек, сол «қарын бүрме» қазанға асылады. Дайын болған қарын бүрмені исін бұрқыратып, дастарқанға үлкен керсен табаққа салып алып келеді. Батырдың қасында төрт-бес адам бар, аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаевтың өзі бар. Батыр соғыстағы әңгімелерін айтып отырып, асты сүйсініп жейді. Дастарқанға бата берер алдында Қасым Қайсенов «Шырағым, асың өте дәмді болыпты, «қарын бүрме» деген қазақтың қасиетті асын бала күнімде шешем марқұм дайындайтын еді бұл тағамды. Бүгін сол шешемнің «қарын бүрмесін» жегендей болып, балалық шағымды еске алып отырмын. Өркенің өссін, айналайын, бақытты болыңдар!», – деп батыр батасын береді. Зордан ағамыздың батырдан бата алған жұлдызды шағы еді бұл...

* * *

Зордан ағамыз небәрі 44 жасында өмірден озды. Артындағы балалары мен армандарын жары Дина апамызға аманат етіпті. Ақынның аманатын орындау оңай болмады. Артында қалған төрт бала әке жолымен өсіп, жетілді. Гүлнәр, Жанар, Асан, Үсендердің әрқайсы қазір бір-бір шаңырақ болып, немерелер өсіп келеді. Дина апамыздың мойынында жүрген басты аманаты – ақынның қолжазба күйінде қалған дүниелерін кітап қылып шығару болатын. Ақынның соңында қалған дүниесін сақтап, жинақтап, жарыққа шығару екі адамның бірінің қолынан келмейтін шаруа. Әсіресе, әйел адамға қиын. Үлкен төзім керек. Алайда, Дина апамыз аманат арқалап жүрген соң тәуекел етті. Аудан басшыларынан бастап, Өзбекәлі Жәнібековке дейін кіріп, аяулы жарының қолжазба күйінде қалған шығармаларын жарыққа шығарды, оқырманмен қауыштырды.

Ақынның алғашқы дүниелері «Үміт толқыны» деген жинаққа енген. Бірақ бұл кітап 1988 жылы ақынның өзі қайтыс болған соң қырық бір күннен кейін жарыққа шықты. Бұл кітапқа Зордан Салықбаевтың және Ләззат Омарова мен Жарылқасын Боранбаевтың әңгімелері топтастырылыпты.

«Динажан, 1 сәуірге Жазушылар одағынан демалуға жолдама алдым. Осы кітаптың алғашқы сүйінші данасын алып келемін» деген хат та жіберіпті Алматыдан. Бірақ, қайран, ақын ол күнге жетпеді. Жүрегі сыр беріп, Алматы қаласында мәңгілік мекеніне бет түзеді. 1989 жылы шілде айында Дина апамыз Зордан ағамыздың асын берген соң балаларын ертіп Алматыда тұратын Ғалия апасының үйіне барады. Ойы Алматыдағы Зорданмен араласқан азаматтарға құдайы беру болады. Құдайыға елге белгілі қаламгерлер келеді. Осы бас қосуда Әкім Тарази «Зорданның баспаға берген дүниесін зерттеу керек, іздеушісі жоқ болса ол жата береді, тіпті жоғалып кетуі де мүмкін. Сосын бұл шаруаны бітіру үшін Өзбекәлі Жәнібековтің өзіне кіру керек», – деп кеңес береді. Міне, Дина апамыз қазақтың бір туар азаматы Өзбекәлі Жәнібековтың алдына осылай достарының бағыттауымен барған еді. Ол кезеңде үлкен бастықтардың алдына кіру дегенің қияметтен қиын еді ғой. Сағаттап күтіп, тіпті, айға жуық сандалтатын. Ал, мына дүрілдеп тұрған Орталық Комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің қабылдауы тез болады. Орталық Комитетке барып, Өзбекәлінің кабинетін тауып алады да, хатшы қызға келген шаруасын, хатшыға кіретінін айтады.

Дина апамызды Өзбекәлі орнынан тұрып қарсы алады. Дина апамыз ойға алған шаруларын бәрін ретімен айтады. Басшы асықпай, сөзін бөлмей тыңдайды. Сәл үнсіздіктен кейін «Тым жас кеткен екен» деп телефон тұтқасын көтеріп, «Маған Зейнолланы қосыңыз», – дейді. «Зейнолла, менің алдымда Қызылорда облысынан Зордан Салықбаев деген ақынның жары келіп отыр. Зордан өзі дүниеден өтіпті. Көзі тірісінде баспаға біраз дүниелері ұсынылған екен, соның жарыққа шығуына көмектесейік, өнерді өлтірмеуіміз керек. Ақынның жары өзі барады сіздерге, осы жұмысты аяқсыз қалдырмаңыздар», – деп тапсырады. Сосын Динаға қарап, «Жұмыстарыңыз аяқсыз қалмайды, қалқам, өзің баспаға соқ!», – дейді.

Өзбекәлі сөйлескен кісі сол кездегі «Жазушы» баспасының директоры Зейнолла Серікқалиев екен. Зейнолланы еситуі бар екен. Ауылда Зорданның жақын араласқан Өмірзақ Қожамұратов деген ақын досы болыпты. 1968 жылы Аққырда Зордан ағамыз бен Дина апамыздың үйінде бір ай жатқан. Ертерек өмірден өтіп кеткен осы Өмірзақ Қожамұратов, Зейнолла Серікқалиев, Төлеген Айбергенов үшеуі университетте бірге оқыған екен. Өмірзақтың «Түнгі бон» деген поэмасын Зордан мәшіңкеге бастырып қойған. Досынан қалған дүниелерін жинақтап кітап қылып, шығарсам ба деп жүреді екен. Тіпті осы шаруалармен Жазушылар Одағының төрағасы Әди Шәріповке баруды да жоспарлап қойған екен. Дина Зейнолла Серікқалиевқа сол поэманы ала барған. Зейноллаға досының поэмасын бергенде оған ат пен түйе жетектеп барғандай қатты қуанады. Сөйтсе Зейнолла да досы туралы кітап шығарайын деп жатыр екен. Өмірзақтан бір қыз қалыпты, оны университетке түсіріпті, енді өмірден ерте кеткен досы жайлы кітап шығаруға ниеттеніп отыр екен. «Сіз маған үлкен сыйлық жасадыңыз, Өмірзақтың осы поэмасын қайдан табарымды білмей жүр едім. Ал, енді сіздің шаруаларға келсек, уайымдамаңыз, бәрі дұрыс болады», – дейді.

Жұмысты бірыңғайлағандай болып, ауылға келеді. Келсе аупарткомның бірінші хатшысы Биғали Қаюпов іздеп жатыр екен. Аупарткомге барады. Жоғарыдан тапсырма келген. Ақынның кітабын шығаратын болады. Бірақ, ол кеңес үкіметінің қалт-құлт етіп тұрған кезі. Көп өтпей одақ тарайды. Үкіметпен бірге партия, аупартком да кетеді де, кітаптың тағдыры тағы да белгісіз болып қалады.

Бір күні Алматыдан Тынышбек Дайрабай мен Құлтас Достан хабарласады. «Мына жақта азаматтармен сөйлесіп отырмыз, 100 мың теңгеге мүмкіндігіңіз бар ма, 200 дана қылып шығарайық», – дейді олар. Ол кезде 100 мың теңге деген өте көп ақша. «Бар, табамын 100 мыңды, шығарыңдар», – дейді Дина апамыз сенімді дауыспен. «Тәуекел, өзімнің айлығым бар, ағайын бар, қарызданам да тауып берермін. Тек ақынның аманатын орындасам болғаны», – дейді іштей. Ақынның «Жазылып қалған жан сырым» деген алғашқы авторлық еңбегі осылай 1997 жылы жарық көреді. Зорданның осы алғашқы кітабының атауын ақын Ибрагим Исаев қойыпты. «Бұл менің ұстазымның жан сыры ғой, өзі ортамызда болмаса да оның бүкіл жан сыры осы кітапта, сондықтан осылай атайық дейді.

Бұдан кейінгі кітабы «Армандап өткен ғұмырды» Дина апамыз 2006 жылы «Валют транзит банк» дегеннен 350 мың теңге несие алып шығарады. Келесі дүниесі 2009 жылы Астана қаласынан «Сырдария кітапханасы» сериясымен өлеңдер, әңгімелер, очеректер және ой орамдар жинағы мемлкеттік тапсырыспен шығады. Бірақ оны шығару да оңай болмапты. 2008 жылы ақпан айының соңында Қорқыт Ата университетінен Бағдат Кәрібозов хабарласады. «Жеңеше, ағайдың кітабын мемлекеттік тапсырысқа кіргізейік. Бірақ 300 беттен кем болмау керек. Соған ағайдың дүниелерін жинақтасаңызшы», – дейді. Бұл кезде Дина апамыз 11 класқа сынып жетекші, ата-аналар жиналысы, бітіруші сыныптың мың-сан ұйымдастыру жұмыстары бар, тіпті мүмкіндігі жоқ еді, өзі шаршап жүрген шағы болса керек. Осыны сезген Бағдат ағамыз: «Жеңеше, бір қимылдаңыз, шаршамаңыз, мемлекеттік тапсырысқа ілініп кетсе, мемлекеттің қаржысына шығады ғой», – дейді қайраттандырып. Тәуекел деп кіріседі. Күнде жұмыстан соң қалаға барады, сол жақта отырып, мамандармен бірге материалдарды жүйелейді, дайындайды. Ол кезде қазіргідей стандарт бағдарламадағы компьютерлер жоқ, ауылдағы компьютерге жазып алып барғандарын ол жақтағы компьютер ашпайды. Сосын амал жоқ, түннің бір уағына дейін қолмен көшіреді. Кейде әріптес сіңілдері Алмаш пен Сәулені түнге қарай асарға шақырған кездері де болады. Осылай үш ай қатынап жұмыс істейді. Өзі де әбден шаршайды, сылынып қалады. Бірақ сол жылы «Сырдария кітапханасы» сериясымен кітап жарыққа шығады. Бұл республиканың барлық кітапханаларына тарады.

* * *

1993 жылы Зордан Салықбаевтың қайтыс болғанына бес жыл толады. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еді. Айлық жалақы жоқ, көлікке май жоқ, тіпті ішетін шай да болмай қалған, заманның тарылған шағы. Аудан әкімі – Сәмит Далдабаев. Дина апамыз әкімге арнайы кіріп ақынның еске алу кешін өткізгісі келетінін айтады. Бір сәт үнсіздіктен соң:

– Заманның түрі мынау, жұрт айлық жалақыларын ала алмай жүр. Бұл қалай болар екен, бұл шараны кім ұйымдастырады? – дейді қиналған кейіппен. Дина апамыз ұйымдастыру жағын өзі жауапкершілігіне алатынын айтады. Аудан әкімі «Жарайды, онда ауданның азаматтарына тапсырамын. Қолымыздан келгенше көмек қолын созармыз» дейді. Бірер күннен соң аудан әкімінің орынбасары Әбекенов Әмірбек хабарласып: «Дина, еске алу кешіне байланысты әкімнен тапсырма алып отырмын. Мәдени-көпшілік шараларын өзің ұйымдастырарсың. Ал, енді қонақасы беріп, құран оқыта аласың ба?» – дейді. Бәрін дайындап қойғанын, соятын малының да дайын екенін айтады. Шаруа шешілгендей болады. Жергілікті телеарналардың түсіріп, хабар таратуы да ақылы. Эфирге шығару 30 мың теңге екен. Ол кезде теңгенің құнды кезі. Отыз мыңды үш бөліп төлейтін болып келіседі. Мектептегі қырық-елу мұғалімнің кәртішкесін алады. Әмірбек Әбекенов бір қап, күріш пен бір қап ұн береді. Не керек, еске алу кеші жоғары дәрежеде өтеді. Кештен соң Зордан ағамыздың отбасында аудан әкімі Сәмит Далдабаев бастаған бюро мүшелері, басқа да бірқатар қонақтар болады. Дастарқан басында аудан әкімі сөз алып: «Шырағым Дина, осы істің басында өзің жүрдің. Жағдайдың уақыттың ауанына қарап, бұл қалай болады деп шамалы ойланып та қалып едік. Бірақ, шүкір, жақсы өтті. Ақынды біз іздеуіміз керек еді, ұяттау болды. Бүгін Зордан ақын халқымен қайта қауышты, бұл енді өзіңнің еңбегің, жарыңа, қаламгерге, жалпы шығармашылыққа деген құрметің. Осы кештің қамымен Алматыға бірнеше мәрте шығындалып барып қайттың ғой, бізден көмек болсын, бір қажетіңе жаратарсың», – деп тоғыз мың теңге ақша береді. Иә, ол кезде ол бірталай қаражат еді...

* * *

Қамшының сабындай келте ғұмыр деген осы екен. Бәрі де уақытша, бәрі де баянсыз дүние. Тек дүниеде биіктік, тереңдік деген мәңгі өлмес ұғымдар ғана бар. Бірақ теңіздей терең болу, асқар таудай биік болу екінің бірінің пешенесіне бұйыра бермейтін бақ. Сол бақ өмірден ертерек кетсе де Зордан ағамызға бұйырыпты. Жары Зорданының отын өшірмеу үшін және оның артындағы қалған мол әдеби мұрасын жарыққа шығару үшін қандай қиындыққа да төзді. Ең бастысы, ақынның аманатын орындады.

**Тұрақ АДИСҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

*БАСЫ 1-БЕТТЕ.*

Журналист басқа мамандықта

# Хирургия бөліміндегі БІР КҮН



**Сәрсенбі. Сағат тілі таңғы 08:00-ді көрсетіп тұр. «Журналист басқа мамандықта» айдары аясында аудандық ауруханаға «Хирургия» бөлімінің бір күндік жұмысымен танысуға келдік. Өздеріңіз білетіндей хирургия – өте күрделі сала. Десе де бұл сала қиындыққа мойымай, өмір мен өлім арасындағы арпалысты жеңіп, талай жанның отбасына аман-есен қауышуына себепкер болып жүрген қолы жеңіл, қандауыры алтын дәрігерлерден кенде емес.**

Аурухана есігінен енгеніміз сол еді, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Каюпова «Хирургия» бөліміне жол бастады. Барсақ, әріптесінен түнгі кезекшілікті қабылдап алып жатқан бөлім меңгерушісі, білікті маман травматолог-хирург дәрігер Жарқынбек Сыдықов екен. Ол өткен тәулікте түскен және ота жасалған науқастардың жағдайымен хабардар болып, алдағы күннің жоспарын жасау үшін күнін 5 минуттық жиналыспен бастады.

Түнгі кезекшіліктен шыққан мейірбикелердің баяндауынша, бөлімде ем алып жатқан науқастардың жағдайы бірқалыпты, еш шағым жоқ. Жиналыс біткен бойда әр науқастың жағдайын жіті тексеру үшін, бүгінгі әріптесім Жарқынбек Алтынбекұлымен бірге палаталарды аралап, науқастарға қажетті ем-шаралар тағайындадық.

Жалпы хирургия бөлімі 23 төсек орынға арналған. Бөлімде аудан тұрғындарының саулығы үшін 1 хирург-травматолог, 1 хирург, 1 аға медбике, 2 ота мейіргері, 5 кезекші медбике, 5 кіші аяжан, 1 ас таратушы мен 1 шаруашылық аяжаны жұмыс жасайды. Бөлім 8 палатадан бөлек хирургиялық және травматологиялық ота жасайтын 2 ота залмен, таза және іріңді жараларды таңуға арналған бөлмелермен, ем-шара бөлмесімен қамтылған. Сондай-ақ қажетті заманауи аппараттар мен құрал-жабдықтармен жабдықталған.

### 6 мыңға жуық адамға ота жасаған

Жұмыс тәжірибесінде білікті хирург науқастардың аяққа тұрып кетуі үшін жылына 1000-нан астам тұрғынға жеңіл және күрделі оталар жасап, оң нәтижеге қол жеткізген. Оның айтуынша, алтын қолды хирург 5 жылғы еңбегінде орташа есеппен 6 мыңға жуық адамның өмірін ажал тырнағынан арашалап қалған. Кейде тәулігіне бір емес, бірнеше мәрте ота залында адам саулығы үшін тізе бүкпей күресетін дәрігердің атқаратын еңбегі ерен.

Ол саналы ғұмырын осы салаға арнауды бала күнінен армандаған. Ауруханадағы оталардың барлығы, тіпті бұрын-соңды аудан деңгейінде жасалмаған күрделі оталар да бүгінгі әріптесім Жарқынбек Алтынбекұлының қатысуымен жасалған.

– Жарқынбек Сыдықов – білікті маман. Ол түрлі жол көлік оқиғалары, өндірістік жарақаттар, спорттық, тұрмыстық және көше жарақаттарымен түскен науқастарға үлкен сүйектердегі ашық сынықтарға Иллизаров және Хоффман аппараттарымен остеосинтез, сан сүйегі, балтыр сүйектері, білек сүйектері, иық сүйегіне жабық репозиция, бұғаттаушы шегелермен остеосинтез оталары, саусақ сүйектері, табан сүйектеріне Киршнера және Иллизаров спиларымен остесинтез оталарын жасайды. Мұнан бөлек аудандық емханада 10 мыңнан аса амбулаторлы қабылдау жүргізіп, ауруды ерте анықтау «Диспансерлік» есепке уақытылы алу және сауықтыру шараларын жоғары деңгейде жүргізіп келеді, оның ішінде 2 мыңнан аса амбулаторлы оталар жасаған, – дейді аудандық аурухананың бас дәрігері Еркебұлан Мақсұтов.

### Қандауыры алтын Жарқынбек

Бөлімшеде жатқан науқастардың денсаулығын тексеріп болған соң әріптесім күні кеше бөлімшеге түскен 10 жасар балаға ота жасау қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша, жоспарлы, шұғыл және кейінге қалдырылған оталар болады. Қазіргі жасайтын отасы кейінге қалдырылған ота екен.

– Егер науқастың бұғана сынығы ашық сынық болса, шұғыл ота жасалады, ал жабық сынықтар болса, бірер күнге кейінге қалдыра тұруға болады. Бүгін жаттығу залында құлаған кішкентай науқастың оң жақ бұғана сүйегінің жабық ығысқан сынығына ота жасаймыз, – деді травматолог-хирург дәрігер Жарқынбек Сыдықов.

Ота залы. Түскі сағат 11:15. Бұған дейін атын естігенім болмаса, қатысып көрмеген мен әріптесімнің рұқсатымен отаға қатысамын деп шешіп, Жарқынбек Алтынбекұлымен бірге ота залына кірдім. Науқасқа дәрі егіліп, қажетті құрал-жабдықтармен ота басталып кетті. Қойылған диагноз бойынша білікті маман науқастың оң жақ бұғана сүйегінің жабық ығысқан сынығын орнына келтіріп, пластинамен бекітті. Ота небәрі 30 минутқа созылды. Науқас палатаға жатқызылып, дәрігер тиісті жұмыстар атқаруды аға медбикеге тапсырды. Аурухананың «Хирургия» бөліміндегі темірдей тәртіп пен мұнтаздай тазалыққа қарап, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің жауапкершілікті терең сезінетінін аңғардым.

Отаны сәтті аяқтап, енді ғана шыққалы жатқан әріптесім Жарқынбек Алтынбекұлына медбике тағы бір науқасқа шұғыл ота жасау қажеттігін жеткізді. Айтуынша, бөлімге 24 апта жүктілігі бар жас келіншек соқырішек диагнозымен түскен. Сырқат жанға жәрдем беріп, оның сауығып кетуін бірінші орынға қоятын дәрігер шұғыл отаға дайындықты бастап, 1 сағат 5 минутта жас ана мен құрсағындағы сәбиін аман-есен сақтап қалды. Баланың саулығына көз жеткізу үшін отадан кейін жас ананы арнайы КТГ аппаратына түсіріп, бала жүрегінің дұрыс соғып тұрғанына толық көз жеткіздік.

– Өмір болған соң денсаулыққа байланысты неше түрлі келеңсіз жағдайлар мен оқыс оқиғалар жиі болып тұрады. Жақында бір мезетте түнгі екілер шамасында пышақ жарақаты салдарынан екі науқас түсіп, шұғыл ота жасадық. Бірінің асқазаны жыртылса, екіншісінің бауыры жыртылған. Шұғыл отаға алып, жыртылған асқазан мен бауырды тігіп, қажетті ем-шаралар жүргіздік. Бір қызығы мен бұл оталарды алғаш рет жасадым. Шыны керек, ауыр халде жатқан науқастарды көріп, қол қусырып қарап отыра алмадым. Әрбір науқас бізге үлкен үміт артады. Ал олардың үмітін ақтау – дәрігерлер үшін басты мақсат. Абырой болғанда екі ота да сәтті өтіп, қазіргі таңда екеуі де отбасына аман-есен қауышты, – дейді білікті дәрігер Жарқынбек Алтынбекұлы.

Оның айтуынша, облыстық деңгейде жасалатын күрделі оталар бүгінде ауданда жасалып жатыр. Оған аудандағы білікті дәрігерлердің тәжірибесі мен білімі, құрал-жабдықтарының да қауқары жеткілікті.

– Облыстық ауруханаға жамбас ұршығы сынған немесе омыртқа сынықтары болған науқастарды ғана жібереміз. Бас сынығы болған жағдайда да отаны әуелі осында жасап, науқастың жалпы жағдайы жолға жарайтындай қалыпқа келген кезде ғана қалаға жібереміз. Өйткені науқас әрі қарай емдеу шараларын жалғастыру үшін нейрохирург мамандарының бақылауында болуы қажет. Ал біздің ауданда ондай маман жоқ, – дейді ол.

Оның жасаған небір күрделі оталарынан соң ауруынан айыққан талай жан отбасына қуанышпен оралған. Мәселен, дәрігер жуырда ауруханаға үлкен жүк көлігінің астына түсіп қалған балаға күрделі ота жасаған. Баланың жамбас сүйегі ашылып, қуығы жыртылып кеткен. Салдарынан бала көп қан жоғалтқан.

– Мен баланың жамбас сүйегіне, ал арнайы қаладан келген уролог маман науқастың қуығына ота жасады. Ота 3 сағатқа созылды. Кейін әрі қарай толық емді жалғастыру мақсатында баланы облыстық балалар ауруханасына ауыстырдық. Ол жақта 10 күндей ем алып, жағдайы жақсарды. Оған алдағы уақытта Астана қаласында жоспарлы ота жасалады, – дейді Жарқынбек Сыдықов.

Естуімше білікті маманға облыстық ауруханалардан шақырту келген. Алайда ол бас тартып, ауылда еңбек етуді мақсат еткен. Тіпті үлкен өмірге қадам басқалы тұрған жастардың да туған жеріне қызмет еткенін қалайтынын тілге тиек етті.

Иә, білікті хирург Жарқынбекке аудан тұрғындарының ықыласы ерекше. Жаны қиналып, дәрігерлерден көмек дәметкен жандар оның қарым-қабілетіне сенім артады. Тіпті аудан тұрғындары оны «қолы жеңіл, білгір маман» деп іздеп келеді екен. Білікті маман, білгір дәрігердің осындай абырой биігінде болуына қажырлы еңбегі мен үлкен ізденісі сеп болғаны анық.

Таңғы 8-ден кешкі 6-ға дейін хирургия бөліміне бір күнімді арнаған мен күн-түн демей, халық саулығы үшін тізе бүкпей қызмет ететін ақхалаттылардың адал еңбегіне тәнті болдым. Хирургия бөлімімен өткізген бір күнімде түрлі сырқат түрі бойынша 12 науқас білікті мамандардың көмегіне жүгінуге келді. Тексеру барысында оның 5-еуі бөлімге жатқызылды. Әрине оның ішінде күндізгі бөлімде ем алатындар да бар.

Білікті хирург-травматолог дәрігер Жарқынбек Сыдықов еңбегінің еш кетпей, жұмысының нәтижелі болуын бөлімде бірге жұмыс жасайтын әріптестерімен байланыстырады. Әрине бұл салада қызмет етіп жүрген жандардың еңбегі өлшеусіз. Сондықтан науқастарды тек ісімен ғана емес, жүрегімен де емдейтін жандардың көп болуын тілейміз!

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

**Ауруханада жұмыс уақыты әлі басталмаса да ақхалаттылар жұмысқа кірісіп кеткен. Жұмысқа деген жауапкершіліктен болар, ұйқысы келіп тұрған ешкімді байқамайсың, керісінше бәрінің энергиясы толып, дәрігер мен медбикелер әр науқастың көңілін көтеріп жүр. Біз де бүгін ақхалаттылардың күнделікті өтетін таңғы жиналысына қатыстық. Кейін жыл бойы науқас келуін тоқтатпайтын, күніне кем дегенде бес науқас шұғыл ем алуға келетін «Терапия» бөлімінің дәрігері Раушан Наршабаева жұмыс барысын түсіндірді.**

# ЖЫЛ БОЙЫ НАУҚАС ҮЗІЛМЕЙДІ

– Менің қызмет етіп жүргеніме тоғыз жыл болды. Емханада жалпы 3 терапевт маман бар. Оның екеуі «Терапия» бөлімінде, біреуі қабылдау бөлімінде. Әрқайсысымыз күніне кем дегенде бес, тіпті кейде он шақты науқас қабылдап, ауруханада барлық тексеру жұмыстарын жүргіземіз. Осылайша күнде науқас қабылдағандықтан ба, бір жыл бойы бөлімшеде бір бөлме де науқассыз қалмайды. Бірде ауруханаға бір науқас қыз келіп түсті. Іші ауырып, тоқтаусыз өтіп жатқанын айтты. Жедел жәрдем қан қысымы түсіп, шок жағдайдағы тахикордия диагнозын қойып, науқасты ауруханаға алып келген. Толықтай тексеру жүргізіп, нәтижесінде келген науқастың босанғанына көп уақыт болмаған жас ана екенін және оны бізден жасырып отқанын анықтадық. Жалпы осы секілді көп оқиғалармен бетпе-бет келетініміз бар. Бірақ адам өміріне жауапты болғандықтан, әрбір науқасты қандай жағдай болсын аяққа тұрғызып, ем шара жасау – біздің міндетіміз, – дейді Раушан Көбекқызы.

Әрине ақхалаттылардың жұмысы тәуекелділікке толы. Себебі ауырып келген науқас өз өмірін әуелі Аллаға, екінші дәрігерге сеніп тапсырады. Ал дәрігер адамды аман алып қалуы үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды.



Жалпы біз барған «Терапия» бөлімінде қазір 60-қа жуық науқас жатыр. Олардың жартысынан көбі қарттар, яғни созылмалы жүрек жетіспеушілігі мен қан қысымы шамадан тыс көтерілу диагнозымен келген. Бұл бөлімдегі көп кездесетін диагноз да осы. Қалған бөлігі жастар, олар бүйрек ауруымен пневмония және ревматологиялық аурулармен тіркелген.

Ешқашан төсек орны босамайтын «Терапия» бөліміне келген науқастарға жүргізілетін ем шара максималды 10 күнге созылады. Ал денсаулық жағдайы жақсы нәтиже беріп жатса, 6-7 күнде ем алып шығады. Кейде пневмониямен келген науқастардың ем алуы 14 күнге дейін созылады.

Келген науқастардың жағдайын білу мақсатында дәрігер таңертең әр палатаны аралап шығады. Кейін кешке болған жағдайлармен жіті танысып, әр науқастың жеке ем шараларына көшеді.

– Жедел инсульт алған науқастар келгенде бірден реанимацияға жатқызамыз. Оларды жалпы алгоритм бойынша 3-5 күнге дейін жатқызып, жағдайы тұрақталған соң міндетті түрді қаладағы ауруханаға ауыстырамыз. Онан қалаберді инфаркт жағдайдағы науқастар да келеді. Біз оларға тексеріс жүргізіп, шағымын көреміз. Науқаста инфаркт белгісі немесе кішкене сол диагнозға қатысты күдік болса, бірден қаладағы орталық ауруханаға ауыстырамыз. Жалпы қан қысымының негізгі екі себебі болады. Біріншісі басқара алатын, екіншісі басқара алмайтын. Басқара алмайтын себептер белгілі бір аурулардың нәтижесінде шығады, оны басқара алмаймыз. Ал кейбір адамдар гиподенамия деген диагнозбен келеді. Бұл – қан қысымының басқара алатын жағдайы. Яғни олар – тек отырып жұмыс істейтін, қозғалмайтын адамдар. Міне, осы қан қысымының басқара алатын жағдайында келген науқастарға көбірек қозғалыс жасауға, жүруге кеңес беремін. Одан бөлек темекі мен алкогольдік сусын да адамның қан қысымын көтеріп жібереді. Сондықтан оны да шектеп, салауатты өмір салтын ұстану қажет, – деп маман науқастарға кеңес берді.

Уақытпен санаспайтын дәрігерлер кез келген уақытта науқас жағдайы нашарласа, бүкіл жұмысын ысырып, ауруханаға жетіп келеді. Тіпті сенбі, жексенбі күндері де демалуы екіталай. Себебі адамдар өзінің шексіз байлығы денсаулығын дәл осы дәрігерлерге тапсырады. Ақхалаттылардың халық арасында абзал жандар деген атауға ие болуы да содан болар.

Қазір медицина қарқынды дамыған. Диагностикалық мүмкіншілігі де артқан. Дәрігерлер жүргізіп жатқан ем-дом шипа болып, тіпті ағзаларды алмастыру оталары өмірімізге батыл түрде енгізілді. Көптеген қатерлі инфекциялық аурулар елімізде мүлдем жойылғандары да бар. Өйткені қазіргі дәрігерлер ол аурудың шығу себебін, зерттеу жолдарын, клиникалық белгілерін, емдеу тәсілін және профилактикалық іс-шараларды жақсы біледі.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

Біле жүріңіз!

# Адам ағзасына қаупі анықталды




**Global Vaccine data Network ғалымдары Covid-19 вакцинасының адамның басқа ағзаларына қалай әсер ететінін зерттеді. Нәтижесінде ол неврологиялық бұзылыс пен жүрек, жұлын жұмысында қабыну тудыратыны анықталды. Вакциналардың басқа органдарға зияны үлкен зерттеу нәтижесінде анықталған.**

Зерттеуге Австралия, Аргентина, Канада, Дания, Финляндия, Франция, Жаңа Зеландия және Шотландиядан 99 млн-дан астам адам қатысқан. Сарапшылардың сөзінше, Covid-19 вакциналары тәуекелді шешім болған.

Global Vaccine data Network зерттеушілері бірнеше электрондық медициналық жазбалардан Moderna, AstraZeneca, Pfizer вакциналарын алған адамдардың ми, қан және жүрек ауруларының көрсеткіштерін талдады. Зерттеу Pfizer және Moderna вакциналары миокардит (жүрек бұлшықетінің қабынуы) және перикардит (жүрек қапшығының ісінуі) сияқты сирек жанама әсерлерді тудыруы мүмкін екенін растады. Сонымен қатар AstraZeneca вакцинасының Гильен-Барре синдромы (иммундық жүйе перифериялық жүйке жүйесінің жекелеген аймақтарына шабуыл жасайтын патологиялық жағдайы) және церебральды веноздық синус тромбозы (мидағы қанның ұйюы) сияқты сирек жанама әсерлермен байланысты екенін анықтады.

– Сирек кездесетін жанама әсерлер туралы біз вакцинаны миллиондаған адамға қолданғаннан кейін ғана анықтай аламыз. Дегенмен ешқандай клиникалық зерттеу барлық сауалымызға беретіндей ауқымды бола алмайды. Сондықтан біз оның зиянын вакцинаны енгізгеннен кейін ғана біліп отырмыз, – деді Global Vaccine Data Network директоры Джим Баттери.

Профессор Баттери вакцина кері әсер етсе де науқастар әдетте қалпына келетінін алға тартты. Ал миокардиттің даму қаупі вакцинадан коронавируспен ауырған кезде өрши түседі екен.

Сидней университетінің вакцина сарапшысы, профессор Джули Лиск те вакцинаға қарағанда вирус бұл ауруларды одан сайын қауіпті ететінін алға тартты. Ол мамандар вакциналардың ауыр жанама әсерлерге қандай жағдайда әкелетінін зерттеп, тиісті шараларды қабылдайтынын айтады. Ал мәселелерді анықтайтын және оларды шешетін жүйеге сенім білдіру өте маңызды деп есептейді.

Айта кетейік, бұған дейін елімізде коронавирус жұқтыру дерегінің көбеюіне байланысты маска режимі қайтарылған. Атап айтқанда, әуежайлар, вокзалдар, базарлар, сауда және ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, театрлар, кинотеатрлар, халыққа қызмет көрсету орталықтары, банктерде де бетперде тағу ұсынылады.

**«ЖЖ» ақпарат**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 317

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ